



**ШАХМАТТАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ  
АЗИЯНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ. 3.4 АЙМАҒЫ  
2025 ЖЫЛҒЫ 1–10 СӘУІР  
Алматы қаласы, Қазақстан**

Қазақстан шахмат федерациясы Азия шахмат федерациясы ((АШФ) мен Халықаралық шахмат федерациясының (FIDE) атынан FIDE-ге қосылған 3.4 Аймағының барлық ұлттық шахмат федерацияларын Шахматтан 2025 жылғы Аймақтық Азия чемпионатына (ерлер мен әйелдер) 3.4 Аймағы бойынша қатысуға шақырады. Іс-шара 2025 жылғы 1-10 сәуірде Алматы қаласында өтеді.

**1. Қатысу**

- 1.1 FIDE 3.4 Аймағының ұлттық федерациялары тіркеген барлық спортшылардың қатысуына рұқсат етіледі;
- 1.2 FIDE 3.4 Аймағына кіретін әр федерация шақырылған екі қатысушыны (бір ер және бір әйел) тіркей алады;
- 1.3 FIDE 3.4 Аймағына кіретін әр федерация 2025 жылғы 1 наурыздан бастап ең төменгі рейтингі – ерлер үшін 2000 және әйелдер үшін 1600 қосымша қатысушыларды тіркей алады.

**2. Өтетін күндері мен мекенжайы:**

- 2.1 **Күндер:** 2025 жылғы 1 сәуір (келу) – 10 сәуір (кету);
- 2.2 **Мекенжай:** Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/12 үй («Атакент» халықаралық көрме орталығы, 7, 8-павильон).

**3. Тіркелу және турнир жарнасы**

- 3.1 Тіркелу жарнасы аккредиттелеуді және әуежайдан ресми қонақ үйге дейін трансфер (келу күні 1 сәуірде және кету күні 10 сәуірде) қоса алғанда, әр қатысушы және алып жүретін әр адам үшін 110 АҚШ долларын құрайды;
- 3.2 Турнир жарнасы әр шақырылған қатысушы үшін 75 АҚШ долларын құрайды. Қосымша қатысушылар үшін турнир жарнасы 150 АҚШ доллар;
- 3.3 **Тіркеу аяқталатын күн – 2025 жылғы 15 наурыз;**  
Уақтылы тіркелмеу үшін салынатын айыппұл 50 АҚШ долларын құрайды;
- 3.4 **Тіркелу нысаны:** <https://forms.gle/7AiCneKxYARZC7Dh7>
- 3.5 Барлық төлемдер қатысушының электрондық пошта адресіне жолданған хатпен расталғаннан кейін ғана Қазақстан шахмат федерациясының банктік шотына жасалады.

**4. Қонақ үйде тұру**

- 4.1 Ұйымдастыру комитеті 1 сәуірден (келу күні) 10 сәуірге дейінгі (кету күні) кезеңге әр федерациядан келген екі қатысушының (бір ер және бір әйел) тұруын және күніне үш мезгіл мекен тамақтануын қамтамасыз етеді;
- 4.2 Ресми қонақ үйлер: Park Dedeman Almaty\*\*\*\* және Best Western Atakent\*\*\*\*;
- 4.3 Қосымша қатысушылар өз таңдауы бойынша кез келген қонақ үйге немесе жеке тұрғын үй-жайға орналаса алады. Бұл ретте олар турнир өтетін жерге баруын өз бетінше ұйымдастырады. Қонақ үй немесе тұрғын үй-жайдың иесі шетел азаматының келуі туралы көші-қон полициясына хабарлауға міндетті;
- 4.4 Қонақ үйді брондау жағынан көмек алу мәселесі бойынша 2025 жылғы 5 наурызға дейін ұйымдастырушыларға хабарласуды сұраймыз;
- 4.5 Шақырылған қатысушыларға Park Dedeman Almaty қонақ үйінен екі орындық бөлме беріледі. Егер қатысушылар бір орындық бөлмеде тұруды қаласа, олар ұйымдастырушыға бір адамға күніне 40 АҚШ доллары мөлшеріндегі айырманы төлейді.

## 5. Әуежайдан және әуежайға трансфер

- 5.1 Ұйымдастырушы ресми келу және кету күнінде ғана қатысушылардың Алматы халықаралық әуежайынан ресми қонақ үйге келу және кері қайту трансферін қамтамасыз етеді;
- 5.2 Барлық қатысушылар 2025 жылғы 15 наурызға дейін <https://forms.gle/jHii2hHzG828iVPW7> сілтемесі бойынша өздерінің рейсі (келу және кету) туралы ақпаратты ұсынуы керек.

## 6. Формат

- 6.1 Қатысушылардың саны оннан аспайтын жағдайдан басқа, турнир швейцариялық жүйе бойынша өтеді;
- 6.2 Соңғы раундта бір федерацияға өкілдік ететін спортшылардың арасында ойын өткізу мүмкіндігіне жол беріледі;
- 6.3 Уақыт бақылау: алғашқы 40 жүріске 90 минут, содан кейін ойынның қалған бөлігіне 30 минут беріледі және әр жасалған жүріске біріншісінен бастап 30 секунд қосылады. Ойын FIDE мақұлдаған шахмат сағаты пайдаланылып өткізіледі.

## 7. Кесте

Күні	Жергілікті уақыт	Іс-шара
Сейсенбі, 1 сәуір	Күні бойы сағат 19:00-ге дейін	Келу, тіркелу, техникалық мәжіліс
Сәрсенбі, 2 сәуір	14:30 15:00	Ашылу рәсімі 1-ші тур
Бейсенбі, 3 сәуір	15:00	2-ші тур
Жұма, 4 сәуір	15:00	3-ші тур
Сенбі, 5 сәуір	10:00 16:00	4-ші тур 5-ші тур
Жексенбі, 6 сәуір	15:00	6-шы тур
Дүйсенбі, 7 сәуір	15:00	7-ші тур
Сейсенбі, 8 сәуір	15:00	8-ші тур
Сәрсенбі, 9 сәуір	10:00 17:00	9-шы тур Жабылу рәсімі
Бейсенбі, 10 сәуір	Күні бойы	Кету

*Тур кестесін бас төреші түзетуі мүмкін. Ашылу және жабылу рәсімдеріне қатысу міндетті.*

## 8. Жүлде

8.1 Жалпы жүлде қоры 20 000 АҚШ долларына тең;

Орын	Ерлер	Әйелдер
1-ші орын	3 000 АҚШ долл.	3 000 АҚШ долл.
2-ші орын	2 500 АҚШ долл.	2 500 АҚШ долл.
3-ші орын	1 500 АҚШ долл.	1 500 АҚШ долл.
4-ші орын	1 200 АҚШ долл.	1 200 АҚШ долл.
5-ші орын	1 000 АҚШ долл.	1 000 АҚШ долл.
6-шы орын	800 АҚШ долл.	800 АҚШ долл.

8.2 Ұпай саны тең болған жағдайда жүлде қатысушылардың арасында тең бөлінеді;

8.3 Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүлде сомасынан 20% шегеріледі;

8.4 FIDE аймақтық бөлініс кестесі бойынша ерлер арасындағы ең үздік төрт (4) қатысушы Әлем кубогына, ал әйелдер арасындағы ең үздік үш (3) қатысушы әйелдер арасындағы Әлем кубогына қатысу құқығына ие болады;

8.5 Әр санаттағы үздік үш қатысушы жүлде, медаль мен сертификат алады;

8.6 Барлық қатысушылар электрондық сертификат алады.

## 9. Ұпай санының тең болуы

9.1 Әлем кубогына қатысу құқығын алуға үміткер қатысушылардың алған ұпайларының саны тең болған жағдайда көрсетілген тәртіппен швейцариялық жүйе бойынша мына көрсеткіштер қолданылады:

– Қарсыластың қысқартылған орташа рейтингі минус 1 (AROC 1)\*

– Қысқарылған Бухгольц коэффициенті минус 1\*\*

– Бухгольц коэффициенті

– Ұпай саны бірдей ойыншылардың жеке кездесуі

– Жеңістің көбірек саны, соның ішінде техникалық жеңіс ұпайлары

\* *Рейтингі ең төмен қарсыласты қоспағанда, қарсыластардың орташа рейтингі.*

\*\* *Бухгольц көрсеткіші, одан қарсыластардың ең төменгі нәтижесі шегеріледі.*

## 10. Апелляциялық комитет (АК)

10.1 АК төрағасын Азия шахмат федерациясының президенті тағайындайды;

10.2 АК құрамына екі мүше және екі қосалқы мүше кіреді; бұл ретте АК барлық мүшелері әртүрлі федерацияларға өкілдік етуі керек. АК бірде-бір мүшесі оның федерациясына өкілдік ететін спортшы немесе тарап қатысатын дау бойынша шешім шығара алмайды, тек бұған бұл дауға оның федерациясына өкілдік ететін екі спортшы немесе екі тарап қатысатын жағдайлар жатпайды;

10.3 Наразылық тур аяқталғаннан кейін ең көбі 1 сағаттың ішінде 200 АҚШ доллары мөлшеріндегі қайтарылатын депозитпен бірге АК-ге жазбаша түрде беріледі;

10.4 Егер наразылық қанағаттандырылса, депозит сомасы қайтарылады. Егер наразылық қабыл алынбаса, ұйымдастыру комитеті депозит сомасын ұстап қалуы мүмкін. Осы регламентке байланысты кез келген дау бойынша АК жазбаша шешімі түпкілікті болып табылады.

## 11. Бас төреші және оның көмекшілері

11.1 Бас төрешіні, оның орынбасарларын және көмекшілерін Азия шахмат федерациясының президенті тағайындайды. Осы регламентте айтылмаған кез келген мәселелер бойынша шешімдер қажет болған жағдайда FIDE/Азия шахмат федерациясының 3.4 Аймағының президентімен кеңескеннен кейін қабылданады.

## 12. Виза

12.1 Қазақстанға кіру үшін виза болуы талап ететін барлық қатысушылар мен оларды алып жүретін адамдар виза шақыруын ресімдеу үшін 2025 жылғы 5 наурызға дейін Ұйымдастырушыға төлқұжатының көшірмесін жіберуі және толық үй мекенжайын,

- жұмыс/оқу орнын және лауазымын хабарлауы керек; көрсетілген мерзім өткеннен кейін Ұйымдастырушы мұндай шақыруды ресімдеу үшін жауапкершілік көтермейді;
- 12.2 Визаның құны 80 АҚШ долларын құрайды (электрондық виза үшін жарна сайтта төленеді; стандартты визаның құны Қазақстан Республикасының елшілігінде төленеді).

### **13. Құқықтар мен міндеттер**

- 13.1 Қатысушылар FIDE ережелеріне және осы Регламентке сәйкес ойнауға тиіс;
- 13.2 Қатысушылар, жаттықтырушылар және алып жүретін адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін сақтауға міндетті;
- 13.3 Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 145-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, Қазақстан шахмат федерациясының спорттық іс-шараларын және Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында Қатысушы:
- Ұйымдастырушының және (немесе) Ұйымдастырушының атынан және (немесе) оның мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың Қатысушының жарысқа қатысуы кезінде оның бейне және фототүсірілімін (фотосуреттер және (немесе) бейнероликтер) жасауына;
  - Ұйымдастырушың Қатысушы атын пайдалануына, жарыс өткізуге байланысты жасалған Қатысушының суреттерін және (немесе) Қатысушы бейнеленген басқа да дыбыстық, бейне, фотоматериалдарды кез келген құралдармен және тәсілдермен жариялауына, жаңғыртуына және таратуына осындай пайдалануды уақыт пен аумақ жағынан шектеусіз, соның ішінде аталған материалдарды өңдеу және үшінші тұлғаларға табыстау құқығына келісімін береді.
- 13.4 Қатысушы бұл келісімді өтемісіз негізде белгісіз мерзімге береді және кейіннен Ұйымдастырушыдан кез келген түрдегі қандай да бір өтемақыны талап ете алмайды.

### **14. Дресс-код**

- 14.1 Барлық қатысушыларға олардың ұлттық федерациясын және (немесе) ұлттық туын білдіретін киім түрін кию ұсынылады. Шорт, шәркей, күннен қорғайтын көзілдірік, спорттық кепка және ашық киім киюге жол берілмейді. Жүлдегерлер жабылу рәсінде дресс-код сақтауға тиіс.

### **15. Байланыс деректері**

**Турнир директоры:** Гүлмира Дәулетова

**Турнир менеджері:** Дана Шаймерденова

Email: [tournaments@kazchess.kz](mailto:tournaments@kazchess.kz)

Шұғыл мәселелер бойынша: +7 777 522 90 02 (WhatsApp)